

**«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және
қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық
кәсіподағының 2024 – 2029 жылдарға арналған қызмет
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мазмұны

КІРІСПЕ.

I. ДЕМОКРАТИЯНЫ, ТЕҢДІКТІ, ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 1.1. Әлеуметтік әріптестікті нығайту және тиімділігін арттыру.
- 1.2. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

II. САПАЛЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

- 2.1. Кәсіподақтың құқық қорғау жұмысы, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру.
- 2.2. Денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің еңбекақысын ұйымдастыру мен төлеуді жетілдіру және өмір сүру деңгейін арттыру.
- 2.3. Еңбекті және денсаулықты қорғау.
- 2.4. Жастар саясаты.

III. ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӘСІПОДАҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ

- 3.1. Кәсіподақты ұйымдастыру және қаржылық нығайту, кәсіподақішілік кадр саясаты.
- 3.2. Кәсіподақ қызметін ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету.
- 3.3. Халықаралық қызмет.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Кіріспе

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының қызмет Бағдарламасы денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету жүйесін одан әрі дамыту жағдайында сала қызметкерлерін әлеуметтік-экономикалық қорғау, кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіру, кәсіподақ қызметін жетілдіру, қаржылық, материалдық, ғылыми және кадрлық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында шараларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

Кәсіподақ Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен басқа да заңнамалық актілер шеңберінде «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысының ережелерін басшылыққа ала отырып өз қызметін жүзеге асырады. Кәсіподақ қызметінің негізгі мақсаты денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету жүйесі ұйымдарында еңбек туралы заңнаманың бұзылуына жол бермеу, кәсіподақ мүшелері мен білім алушы жастардың өмірлік деңгейін тұрақты арттыру, олардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қатаң сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен лайықты жалақыны қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін қабылдау және іске асыру болып табылады.

Осы Бағдарламаның мақсаты әлеуметтік әріптестік негізінде Кәсіподақ мүшелерінің кәсіби, әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде мемлекеттік басқару органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды жақсарту жолымен сала қызметкерлері мен білім алушы жастардың конституциялық құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде кәсіподақ органдарының рөлі мен беделін арттыру болып табылады.

Бұл қызмет бағдарламасы келесі съезге дейінгі кезеңге арналған негізгі басым үш бағытты қамтиды.

I. ДЕМОКРАТИЯНЫ, ТЕҢДІКТІ, ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Кәсіподақ әрқашан бүкіл ел бойынша мүшелерді біріктіруге және жалпы күн тәртібін ілгерілетуге қабілеті күшті, тәуелсіз ұйым құруға ұмтылды.

Біз денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету қызметкерлеріне, азаматтық қоғамға пайда әкелуді жалғастыра отырып, жетістіктерімізді мақтан етеміз және одан күш аламыз.

Республикада болып жатқан демократиялық қайта құрулар аясында AQNIET саяси, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әділеттілік, климаттың өзгеруіне қарсы күрес, тең құқықтар мен мүмкіндіктер, бейбітшілік пен демократия, сөз бостандығы, заңның үстемдігі және күшті әлеуметтік диалог пен жұмыс орнындағы демократия үшін жалпы күрестің бөлігі болып табылады. Өз басымдықтарын сәтті жүзеге асыру үшін өзі тығыз жұмыс істейтін МКПРЗ, EPSU және PSI мүшелігіне сүйенеді.

AQNIET кәсіподағының XV съезінен кейінгі келесі кезеңде біз республикадағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке, демократияға, адам құқықтары мен өмір сүру жағдайларына жаңа қауіп-қатерлерге жауап бере отырып, барлығына сапалы жұмыс орындары және денсаулық сақтау мен қоғамдық қызмет көрсетудегі сапалы қызметтердің дамуын қолдауды жалғастырамыз. Біз халықаралық кәсіподақ қозғалысымен бірге теңсіздік пен кедейлікпен, климаттық дағдарыспен, жаһандық жылынумен және қоршаған ортаның нашарлауымен күресуге деген шешімімізді сақтаймыз. Біз жұмысшыларға да, азаматтарға да пайда әкелетін цифрлық революцияны қолдау үшін мұқият боламыз. Егер Біз зорлық-зомбылық, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әділетсіздік мәселелеріне тиімді жауап бере алмасақ, жұмысшылар, отбасылар мен қауымдастықтар шығынға ұшырайтынын нақты білеміз.

1.1. Әлеуметтік әріптестікті нығайту және тиімділігін арттыру

2000 жылдары әлеуметтік серіктестік принциптері еңбек қатынастарында заңды түрде басым болды. 2002 жылы тәжірибеде алғаш рет салалық келісім тарифтік ерекшеліктерге ие болды. Мәселен, денсаулық сақтау қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстеме ақылардың нақты мөлшері Келісімге Қосымшамен айқындалып, бекітілді.

Сонымен қатар, келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу тәжірибесі үнемі жетілдіруді талап етеді. Осылайша, салалық келісімдерді іске асыру барысында Кәсіподақ СК мен ұжымдық шарттың құқықтық акт мәртебесіне ие болуы үшін көп күш жұмсады, ал оны жасасу жұмыс берушінің міндетіне жүктелді. Шарттық және келіссөздер процестерінің қорытынды құжаттарына құқықтық актінің толық құқықтық мәртебесін беру жөніндегі әрекеттер әлі де өзекті болып отыр.

Кәсіподақ әлеуметтік әріптестік және басқа да алаңдарды пайдалана отырып, денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру шеңберінде нормалау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, пәрменді шаралар қабылдау жөнінде белсенді қатысып, жұмысшылардың жағдайының нашарлауына жол бермеу жөнінде іс-шаралар жүргізеді, атап айтқанда, пайдаланылатын цифрлық платформаларды оңтайландыру жөнінде талаптар қойды. Кәсіподақ қоғамдық

қызмет көрсету секторында қызмет көрсету сапасын арттыруды және еңбек жағдайларын оңтайландыруды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды енгізуді құптайды. Сонымен қатар, енгізулер реттелетін сипатта болуы және сектор қызметкерлері мен қоғамдық қызметтерді тұтынушылардың мүдделеріне сай болуы қажет.

Кәсіподақ цифрлық технологияларды енгізу мен пайдалануда маңызды рөл атқаруы керек, бұл олардан пайданың әділ бөлуін қамтамасыз ету қажет. Бұл жеке деректерді бақылау мен пайдалануды реттеу және олардың құпиялылығын қамтамасыз ету шараларына да қатысты.

2018 жылдың шілдесінен бастап отырыстар өткізбеген Салалық үшжақты комиссияның жұмысы 2020 жылы AQNIET Кәсіподағының бастамасымен қалпына келтірілді. 2020 және 2023 жылдары үш салалық кәсіподақтың қатысуымен Салалық келісімдерге және оларға толықтыруларға қол қойылды. Салалық келісімді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен әзірлеу және оған қол қою өзекті болып табылады.

Әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамыту мақсатында Кәсіподақ денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету жүйесін дамыту мен жетілдіруге кәсіптік одақтың қатысуына қол жеткізетін болады.

Кәсіподақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты дамыта және тереңдете отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің нормаларын және дәлелді медицинаға, денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға ғылыми негізделген жаңа ұйымдастырушылық және басқарушылық технологияларды енгізуге бағытталған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамыту Тұжырымдамасы пайымынан негізгі іс-шараларды іске асыруға қол жеткізеді. Қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сәйкес, халықтың денсаулығын сақтау проблемаларына жүйелі көзқарас:

- құзыретті, дәлелді, заңмен қорғалған медициналық персоналмен диагностика мен емдеудің дербестендірілген тәсілі негізінде сапалы медициналық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін тұрақты қаржыландыру жүйесі бар бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау жүйесі;

- дамыған инфрақұрылым, заманауи технологиялар және денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне интеграция негізінде халықтың медициналық қызметтерге кең қолжетімділігін қамтамасыз ететін ауылдық денсаулық сақтау;

- саланың барлық бағыттары бойынша инновациялық технологияларды және әдіснамалық құзыреттілік орталықтарының дамыған желісін қолдана отырып, халыққа мамандандырылған көмек;

- ішкі қажеттілікті, әлемдік фармацевтикалық нарықтан тәуелсіздікті және халықтың биоқауіпсіздігін қамтамасыз ететін клиникалық зерттеулер негізінде инновациялық дәрілік препараттардың отандық фармацевтикалық өндірісі және ұлттық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет.

Тұжырымдамадағы халық денсаулығын қорғаудың негізгі принциптері:

- денсаулық сақтау саласындағы профилактиканың басымдығы және салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- халық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған денсаулық сақтаудың әлеуметтік бағыты;
- қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- отандық әзірлемелерді мемлекеттік қолдау, бәсекеге қабілетті фармацевтикалық өнеркәсіп пен медицина ғылымын дамыту;
- қауіпсіз, сапалы және тиімді дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және оларды ұтымды пайдалану;
- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы мен басқарылуына қол жеткізу.

Кәсіподақ ҚР ДСМ-мен келесі мәселелер бойынша өзара іс-қимылдарын жалғастырады:

- ✓ денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарын талдау, болжау және мониторинг жүргізу;
- ✓ медициналық ұйымдар мен медициналық білім беру ұйымдары қызметкерлерінің мәртебесін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- ✓ тариф белгілеудің теңдестірілген жүйесі;
- ✓ БМСК және қоғамдық денсаулық сақтауды қаржыландыруды жалпы денсаулық сақтау шығындарының 60% - на дейін ұлғайту;
- ✓ ТМККК және МӨМС қаражатының игерілуіне, оның ішінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасына қаржылық бақылау тетіктерін іске асыру.

Кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінің тиімділігін арттыруды іске асыруға қатысу:

- жоғары медициналық білімнің интеграцияланған моделін енгізу;
- өте тапшы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, әсіресе ауылдық жерлерде;
- денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби даму моделін енгізу;
- медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің құқықтық және қаржылық қорғау жүйесінің мәртебесін арттыру және енгізу;
- медициналық университеттерді инновациялардың, ғылыми әзірлемелердің флагманы, диагностика және емдеу саласындағы озық әзірлемелердің трансферті, медициналық кадрларды даярлау сапасы ретінде дамыту;
- медициналық жоғары оқу орындарының денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуден өтуі;
- өз бетінше қабылдау және оларға қосымша дәрігерлік функцияларды беру арқылы кең практикалы орта медицина қызметкерлерінің ролін күшейту;
- медицина қызметкерлері үшін сертификаттау курстары мен біліктілікті арттыру курстарының тізбесін кеңейту;
- республикалық және жергілікті бюджет есебінен резидентура гранттарының санын ұлғайту;
- денсаулық сақтаудың адами ресурстарын дамытудың өңірлік жоспарларын өзектендіру.

1.2. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау

Осы бағдарламаның іс-шараларын іске асыруды республикада қолданылып жүрген заңнама шеңберінде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кезінде іс-қимылдың дербестігі мен еркіндігін сақтай отырып, тараптардың әлеуметтік әріптестік, тең құқылық және ынтымақтастығы қағидаттарында мемлекеттік билік және басқару органдарымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыру қажет. Кәсіподақтың міндеті кең ауқымды қоғамдық қолдауды қолдау және денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау ісіндегі оның оң, әлеуметтік маңызы бар рөлін мойындау болып табылады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Кәсіподақ:

өз өкілетті өкілдерінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің алқалы органдарының, жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың жұмысына, осы органдар құратын комиссиялар мен әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қатысуды;

кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-еңбек саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қарауға міндетті түрде қатысуды;

еңбек, жұмыспен қамту, еңбек қатынастарын реттеу, жалақы, еңбекті қорғау, денсаулық мәселелері және сала қызметкерлерінің, оқитын жастардың өмір сүру деңгейі мен сапасының басқа да мәселелері бойынша келісілген ұстанымды әзірлеу мақсатында, оның ішінде атқарушы және өкілді органдардың өкілдерін, жұмыс берушілерді кәсіподақ органдарының отырыстарына шақыруға жолымен тұрақты консультациялар, келіссөздер жүргізуге, келісімдер, ұжымдық шарттар жасасуды;

әлеуметтік әріптестік жөніндегі комиссия отырыстарында келісімдер мен ұжымдық шарттардың орындалу қорытындыларын, оларды сайтта, әлеуметтік желілер беттерінде және "Кәсіподақ жаршысы" ақпараттық бюллетенінде көрсетуді;

еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша өткізілетін семинарлар мен кеңестерге, ғылыми-практикалық конференцияларға әлеуметтік әріптестік тараптарының өзара қатысуын;

денсаулық сақтау ұйымдарында денсаулық сақтауды дамыту перспективалары, экономикалық, құқықтық проблемалар және оларды шешу жолдары туралы, еңбек ұжымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында саланың кадр саясатының негізгі бағыттары туралы түсіндіру және насихаттау жұмыстарын жүргізуді пайдаланады.

Кәсіподақ келесі міндеттерге қол жеткізеді:

қолданыстағы заңнамамен, Бас, салалық, облыстық келісімдермен салыстырғанда қызметкерлердің жағдайын нашарлататын нормалар мен шарттарды енгізуге жол бермей, олардың ұжымдық-құқықтық меншік нысанына қарамастан, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында ұжымдық шарттар жасасуға;

облыстық келісімдер мен ұжымдық шарттардың пәрменділігі мен тиімділігін арттыруға;

өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындағаны үшін әлеуметтік әріптестік тараптарының талап етуі мен жауапкершілігін арттыруға;

әлеуметтік әріптестіктің жариялылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару органдары, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы өзара іс-қимылдың оң тәжірибесін таратуға;

жұмыскерлер өкілдерінің мемлекеттік кәсіпорындардың директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңестерінің жұмысына қатысуын қамтамасыз етуге немесе нығайтуға.

II. САПАЛЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

2.1. Кәсіподақтың құқық қорғау жұмысы, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру.

Күшті, тәуелсіз және инклюзивті кәсіподақтар демократияны, заңның үстемдігін, кемсітпеушілікті, гендерлік теңдікті, әлеуметтік және экономикалық әділеттілікті қорғау және нығайту, бейбіт, тұрақты, әділетті және тең құқықты қоғам құру үшін қажет. Біз барлық жерде бірлестік бостандығын талап етеміз және кәсіподақ көшбасшыларының қуғын-сүргініне және кәсіподақ құқықтарының шектеулеріне қарсы күресеміз. Біз бөлінуді емес, бірігуді және теңдікті жақтаймыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіподақ Жарғысына сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау өкілеттіктерін тиімді іске асыру мақсатында Кәсіподақ мынадай жұмыстарды атқарады:

қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен кепілдіктерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына белгіленген тәртіппен негізделген ұсыныстар енгізу;

кәсіподақ мүшелерінің-қызметкерлердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін құруға ықпал ету;

еңбек туралы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру, техникалық еңбек инспекторларының тиімді жұмысын қамтамасыз ету;

кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактілеріне жедел және принципті түрде әрекет ету, оларды уақтылы жоюға қол жеткізу, осы мақсатта сот қорғауының, еңбек туралы заңнаманың сақталуын қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;

денсаулық сақтау ұйымдарының таратылуына және қайта ұйымдастырылуына, сондай-ақ штат пен қызметкерлер санының қысқаруына байланысты қызметкерлерді жаппай жұмыстан шығаруға жол бермеу туралы ережелерді келісімдер мен ұжымдық шарттарға енгізуге қол жеткізу, ал осы іс-шаралар өткізілген жағдайда кадрларды қайта оқыту, оларды саланың сол немесе басқа ұйымдарында жұмысқа орналастыру жөнінде алдын алу шараларын қабылдау;

қызметкерлердің құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға, еңбек шартында қолданыстағы заңнамамен салыстырғанда қосымша кепілдіктер белгілеуге бағытталған шараларды тұрақты қолдану;

кәсіби жауапкершілікті сақтандыру нормаларын іске асыру кезінде медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғау;

бастауыш кәсіподақ ұйымдарына, оның ішінде жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу кезінде құқықтық көмек көрсету, оларды жұмыс үшін қажетті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету.

әлеуметтік-еңбек саласындағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын зерделеу бойынша тұрақты семинарлар өткізу;

кәсіподақ мамандарының мекемелер мен ұйымдарда түсіндіру, консультациялық құқықтық жұмыстар жүргізу тәжірибесін кеңейту.

Негізгі басымдықтар әлеуметтік жауапты және орнықты даму, қоғамдық қызметтердің жоғары сапасы, толық жұмыспен қамту, жұмысшылардың құқықтарын сақтау, гендерлік теңдік, азаматтардың әл-ауқаты және қаржыландырудың жеткілікті деңгейімен әлеуметтік бағытталған мемлекетті қалыптастыру болып табылады. Елдегі әлеуметтік модель неғұрлым тұрақты және жеткілікті мемлекеттік қаржыландыру есебінен және мемлекеттік инвестициялар көлемін ұлғайту есебінен әлеуметтік элементті күшейтуді қажет етеді. Мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліктілігі салық салудың прогрессивті моделімен, кірістер мен байлықтарды әділ қайта бөлумен, сондай-ақ ұжымдық шарттардың дамыған жүйесімен және кәсіподақтардың құқықтарын сақтаумен қамтамасыз етіледі. Кәсіподақ өзінің барлық ресурстарын БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағыттайтын, әлеуметтік әділеттілікті, ынтымақтастық пен бейбітшілікті қамтамасыз ететін елдің күш-жігерін қолдайды. AQNIET Кәсіподағы үшін басты басымдық - барлығының және әрқайсысының әл-ауқаты. Кедейлікті жоюға, планетаны қорғауға және бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы 17 мақсаты маңызды сілтеме болып табылады және кәсіподақ қозғалысының күн тәртібінде толық көрсетілуі керек.

2.2. Денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің еңбекақысын ұйымдастыру мен төлеуді жетілдіру және өмір сүру деңгейін арттыру.

Кәсіподақ қызметінің стратегиялық мақсаттарының бірі денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің барлық санаттарының лайықты жалақы деңгейімен қамтамасыз ету, олардың еңбек көлемі мен сапасына, әлеуметтік маңыздылығы, жауапкершілігі мен қауырттылығы деңгейіне сәйкес келетін мөлшерде жалақыны уақтылы төлеуге конституциялық құқығын қорғау бойынша қағидатты және мақсатты саясат жүргізу болып табылады.

Осы бағыттағы аса маңызды міндет - медициналық қызметкерлердің медициналық көмек көрсетудің тиімділігі мен сапасын арттыруға уәждемесін күшейту-басты мақсатын көздейтін еңбекке ақы төлеудің қолданыстағы қағидаттары мен тетіктерін реформалау жөнінде бірлескен шаралар қабылдау болып табылады.

Осы контексте Кәсіподақ өзінің практикалық қызметінде:

медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің бірыңғай қағидаттарын енгізуге;

жекелеген құрылымдық (оқшауланған) бөлімшелер мен қызметкерлер қызметінің нақты көлемі мен түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштерін есепке алу негізінде экономикалық ынталандыру жүйесін жетілдіруге;

еңбекақы төлеу мәселелерін реттеуде ұжымдық шарттар мен келісімдердің рөлін арттыру, оларда заңнама актілерімен бекітілген кепілдіктермен салыстырғанда қосымша кепілдіктер белгілеуге;

денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбекақысын саладағы орташа айлық орташа ЖА-ның экономикадағы орташа айлық жалақыға қатынасынан 2:1-ден кем емес деңгейге дейін арттыру;

медициналық көмектің көлемі мен сапасына байланысты ынталандыру төлемдерін белгілеуге бюджеттен қосымша қаржы қаражатының бөлінуіне ат салысады;

инфляция мен экономикалық өсуді ескере отырып денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін жалақының жалпы және нақты өсуі;

жалақыны көтеру және өсудің ең төменгі мәнін белгілеу мәселесі бойынша тұрақты келіссөздерді ұйымдастыру;

мемлекеттік сектордағы еңбекке ақы төлеу жеке сектордағы еңбекке ақы төлеуден қалыс қалмауын қамтамасыз ету;

еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтықты қысқарту және ерлер мен әйелдер үшін тең еңбекақы төлеуді қолдау бойынша шешуші іс қимылдарды әзірлеу;

еңбекақы төлеудегі кемсітушіліктің кез-келген түрімен күресу, атап айтқанда жасына, этникалық тегіне, азаматтығына, гендерлік сәйкестігіне, жыныстық бағдарына, дініне немесе тұрғылықты жеріне байланысты.

Кәсіподақ жалақыны, стипендияларды және өзге де төлемдерді есептеу және уақтылы төлеу дұрыстығына, еңбекақы төлеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қолдануға, қызметкерлерге сыйақы беруге, материалдық көмек көрсетуге, заңдарда көзделген жеңілдіктер мен өтемақыларды беруге толық көлемде қаражат бөлу және дұрыс пайдалануға тиімді қоғамдық бақылауды жүзеге асыруды жалғастырады.

2.3. Еңбекті және денсаулықты қорғау

Кәсіподақтың күш-жігері Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген азаматтардың салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, еңбекті қорғау туралы заңнамалық актілерде белгіленген талаптарды іске асыруға шоғырланатын болады. Осы мақсатта:

еңбекті қорғау жөніндегі салалық ережелерді, үлгілік нұсқаулықтарды және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды қамтитын өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу. Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге,

денсаулықты қорғауға және сапалы еңбек жағдайларын сақтауға бағытталған стратегияларды құру;

еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру. Әлеуметтік әріптестік қағидаттарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, келісімдермен және ұжымдық шарттармен бекітілген қызметкерлердің еңбекті қорғау құқығының кепілдігін қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында қызметкерлердің өндірістік жарақаттану, жалпы және кәсіби аурушандығының себептерін жүйелі түрде талдау, кейіннен олардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге, қызметкерлердің өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін алу құқығын қамтамасыз етуге қатысу;

еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды, кәсіподақтың басқа да уәкілетті өкілдерін оқытуды жалғастыру;

кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының қызметін жандандыру мақсатында жыл сайын еңбекті қорғау бойынша үздік ұйымның байқау-конкурсына қатысу;

денсаулық сақтау ұйымдарында еңбекті қорғау саласындағы озық жұмыс тәжірибесін қорытындылау және тарату;

денсаулық сақтау қызметкерлерін міндетті медициналық тексеру, диспансерлеудің сапасын арттыруға қол жеткізу;

денсаулық сақтау қызметкерлері мен олардың балаларының демалысын, санаторлық-курорттық емін ұйымдастыруға жәрдемдесу;

денсаулық сақтауды басқару органдарымен бірлесе отырып, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының үздік қойылымына спартакиада, байқау-конкурстар ұйымдастыру;

қоғамдық қызметтердің түрлі секторларында персоналдың барабар санын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу;

жұмысшылардың жұмыс пен жеке уақытты толық бақылауды қамтамасыз ететін «жұмыс - жеке өмір» оң балансының қажеттілігіне сәйкес келетін жұмыс уақытын бөлу стратегияларын әзірлеу;

кәсіподақтардың еңбекті ұйымдастыру және қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін жағдай жасау, сапалы жұмыспен қамтуды және еңбекті қорғау мен денсаулықты қамтамасыз ету жөніндегі келіссөздерге неғұрлым белсенді қатысуына көшу;

еңбекті тиісті қорғау мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржылық және адами ресурстармен қамтамасыз ету қажет.

Кадрлармен қамтамасыз етудің қауіпсіз және тиімді деңгейіне қол жеткізу. Көптеген қоғамдық қызмет қызметкерлері экономикалық қысымға ұшырап, оларды қосымша жұмыс уақытында және қосымша ауысымдарда жұмыс істеуге мәжбүр етеді, бұл денсаулық пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін шамадан тыс сағаттарға әкеледі. Бұл мәселені шешу үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет, бұл көбінесе қызметкерлердің жетіспеушілігімен, үнемдеу режимінің нашарлауымен байланысты. Бұл қызметкерлердің жетіспеушілігі тек күйзеліс пен күйіп қалуға

тап болған жұмысшылар үшін ғана емес, сонымен қатар қызметтердің деңгейі мен сапасына қауіп төндіреді. Әлеуметтік және медициналық қызметтердің қолжетімділігі де біздің қоғамдарымыздың жұмыс істеуінің негізі болып табылады, яғни бұл сектордағы проблемалар тек осы секторда жұмыс істейтіндерге ғана емес, барлығына да әсер етеді. COVID-19 пандемиясы әсіресе кадр тапшылығының ауқымын және денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмек саласындағы қызметкерлерді жалдау мен ұстап қалумен байланысты мәселелерді анықтады.

2.4. Жастар саясаты

Сала жастары Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының лайықты дәстүрлерін сақтау және көбейту, саланы дамыту мәселелерін шешуге бағытталған маңызды және серпінді кадрлық әлеует екенін ескере отырып, жұмыс істейтін және оқитын жастардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мақсатты және дәйекті жастар саясатын жүзеге асыру Кәсіподақ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Оларды іске асыру үшін Кәсіподақ филиалдары мен кәсіподақ комитеттері:

- ✓ жастар саясаты саласында мемлекеттік және кәсіподақ бағдарламаларын іске асыру бойынша пәрменді шараларды жүзеге асыру;

- ✓ кәсіподаққа жастарды тарту, оны кәсіподақ органдарының құрамына ұсыну бойынша мақсатты жұмыс жүргізу; медициналық білім беру мекемелерінің студенттері (оқушылары) және жұмыс істейтін, оның ішінде мемлекеттік емес меншік нысанындағы ұйымдарда кәсіподақ мүшелігіне тарту бойынша жұмысты жандандыру;

- ✓ сала жастарын құқықтық оқыту, медициналық білім беру мекемелерінің түлектерін олардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қорғау жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- ✓ жастар үшін әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер деңгейін арттыруға бағытталған ережелерді денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарының келісімдері мен ұжымдық шарттарына енгізуді қамтамасыз ету;

- ✓ барлық деңгейде кәсіподақ бюджетінен жастардың проблемаларын шешуге, жастар бастамаларын қолдауға, жастар бағдарламаларын орындауға, кәсіптік бюджет қаражатынан медициналық білім беру мекемелерінің оқуда жоғары жетістіктерді және кәсіподақ ұйымының жұмысына белсенді қатысуды қоса атқаратын студенттеріне (оқушыларына) стипендиялар төлеуге қаражат бөлуді қарастыру;

- ✓ жастардың құқықтық мәдениет саласын қалыптастыру, қоғамдық өмірге саналы, жауапты және белсенді қатысуға уәждеме, оның ішінде – тәлімгерлікті дамыту, кәсіби шеберлік конкурстарын және «Мамандыққа қабылдау» салтанатты іс-шараларын өткізу арқылы қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- ✓ азаматтық белсенділік деңгейін арттыруға, білім беру сапасын арттыруға, жастарды жұмысқа орналастыру және қолдау тетігін дамытуға,

жастардың тұрғын үй сатып алуға қолжетімділігін кеңейтуге, жастардың бос уақыт мәдениетін дамытуға бағытталған жергілікті жерлерде жастар саясаты саласындағы жұмысты үйлестіру мақсатында денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында жастармен жұмыс жөніндегі комиссиялардың жұмысын жандандыру қажет.

III. ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӘСІПОДАҒЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ

Саладағы кәсіподақ қозғалысын ұйымдастырушылық және қаржылық нығайтуды одан әрі дамыту, кәсіподақ мүшелігінің уәждемесін күшейту жөніндегі қызметті жандандыру, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы кәсіподақ ұйымдарының рөлін арттыру мақсатында Кәсіподақ қол жеткізетін болады.

3.1. Кәсіподақты ұйымдастыру және қаржылық нығайту, кәсіподақшілік кадр саясаты

Кәсіподақтың ұйымдастырушылық қызметінің басты қағидаттары барлық кәсіподақ органдары мен кәсіподақ мүшелерінің ынтымақтастығы мен іс-қимыл бірлігі деп санайды.

Алдағы кезеңге арналған Кәсіподақты ұйымдастыру және қаржылық нығайту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары кәсіподақ мүшелігінің уәждемесін күшейту және кадр саясатын жетілдіру болып табылады.

Осы мақсатта:

- ✓ Кәсіподақ ұйымдарының Жарғы нормаларын және жоғарығы кәсіподақ органдарының қабылдаған шешімдерін қатаң және сөзсіз орындалуын, жоғарғы кәсіподақ органдарының алдында уақытылы есеп беруін;

- ✓ кәсіподақшілік тәртіпті нығайту, Кәсіподақтың сайланбалы органдарының жұмысында алқалылық пен жариялылықты қамтамасыз етуді;

- ✓ Кәсіподақ ұйымдары басшыларының жарғылық талаптарды сақтау, Кәсіподақтың сайланбалы алқалық органдарының шешімдерін орындау, ұйымдастырушылық бірлік принциптерін сақтау үшін жеке жауапкершілігін арттыруды;

- ✓ Кәсіподақтың сайланбалы органдарының қызметіне Кәсіподақ мүшелерінің белсенді және саналы қатысуын;

- ✓ жаңа мүшелерді тарту есебінен Кәсіподақты нығайтуды, оның қоғамдағы беделі мен ықпалын арттыруды;

- ✓ денсаулық сақтау ұйымдарында (оның ішінде мемлекеттік емес меншік нысанында) Кәсіподақтың жаңа бастауыш ұйымдарын құруды;

- ✓ кәсіподақ кадрларының және активтің кәсіпқойлығын арттыруға бағытталған Кәсіподақтың кадрлық саясатын іске асыру, барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы басшыларының пәрменді резервін қалыптастыруды;

- ✓ кәсіподақ қызметінің уәждемесін күшейтуге және жастарды кәсіподақ қызметіне тарту кешенді тәсілі;

✓ кәсіподақ ұйымдары көшбасшыларының қызметіндегі сабақтастықты сақтау, кәсіподақ қызметкерлерін, оның ішінде зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар әзірлеуді;

✓ кәсіподақ кадрлары мен активтің, оның ішінде кәсіподақ комитеттерінің жаңадан сайланған төрағаларының, сондай-ақ Кәсіподақтағы сайланбалы лауазымдарға резервтің білімі мен біліктілігінің деңгейін одан әрі арттыруды;

✓ кәсіподақта бірыңғай қаржы саясатын жүргізу, жарғылық қызметті қаржылық қамтамасыз ету, қатаң қаржылық есептілік және кәсіподақтың жоғары тұрған құрылымдарының қаржылық міндеттемелерін және шешімдерін орындау үшін кәсіподақ ұйымдары басшыларының дербес жауапкершілігі мәселелерінде орындаушылық тәртіптің деңгейін арттыруды;

✓ кәсіподақ органдарының бақылау-тексеру комиссияларының жұмысын жандандыру, мүшелік кәсіподақ жарналарын уақтылы және толық көлемде аудару мен заңды жұмсауға, қаржылық тәртіпті сақтауға бақылауды жүйелі жүзеге асыруды;

✓ Кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін үздік кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділерді марапаттау және марапаттарға ұсынуды қамтамасыз ету қажет.

3.2. Кәсіподақ қызметін ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету

Кәсіподақтардағы ақпараттық жұмыс қазіргі кезеңде барлық кәсіподақ құрылымын нығайту бойынша қуатты ұйымдық фактор болып табылатынын назарға ала отырып, еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша практикалық қызметте пайдалану мақсатында кәсіподақ жұмысының ұжымдық тәжірибесін таратудың маңызды арнасы болып табылатындығын назарға ала отырып, жақын арада Кәсіподақтың басым міндеттерінің бірі барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының ақпараттық-талдау жұмысының деңгейін арттыру, қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды жұмыс тәжірибесіне енгізу болады, кәсіподақтың интернет-ресурстарының жұмысын жетілдіру.

Кәсіподақ қызметінің тиімділігін арттыру үшін:

✓ салалық Кәсіподақтың ақпараттық саясат саласындағы бағдарламалық құжаттарды орындау жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізу;

✓ Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары арасында ақпарат алмасудың жаңа нысандарын енгізу жөніндегі жұмысты жандандыру, оның ішінде осы мақсаттар үшін мобильді қосымшаны, әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, электрондық поштаны барынша пайдалану;

✓ Кәсіподақ активі мен мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар және қоғамдық өмір саласында болып жатқан процестерді талдау жөніндегі сауалдарына жедел жауап беру;

✓ Кәсіподақ активін әлеуметтік журналистиканың негіздеріне оқыту;

✓ Кәсіподақ мүшелерін ағымдағы кәсіподақ өмірі, қызметкерлер мен білім алушы жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының іс-әрекеттері туралы, оның ішінде

«Вестник Профсоюза» ақпараттық бюллетені мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы уақтылы хабардар ету;

✓ тұрақты негізде кәсіподақ активін және кәсіподақ мүшелерін аналитикалық, әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық материалдармен, нормативтік құқықтық актілермен және одақішілік құжаттармен қамтамасыз ету, осы мақсаттар үшін мобильдік қосымшаны, интернет-ресурстарды және "Кәсіподақ хабаршысы" ақпараттық бюллетенін пайдалану;

✓ қазіргі жағдайда кәсіподақтың аумақтық және бастауыш ұйымдары жұмысының оң тәжірибесін қол жетімді ақпараттық ресурстар арқылы зерделеу, қорытындылау және тарату;

✓ салалық Кәсіподақтың басшылары мен мамандарының БАҚ-та сөз сөйлеуін ұйымдастыру.

3.3. Халықаралық қызмет

Халықаралық кәсіподақ қозғалысының бір бөлігі бола отырып және әлемдегі медицина қызметкерлерінің ынтымақтастығын жақтай отырып, Кәсіподақ басқа елдердің туыстық кәсіподақтарымен ынтымақтастықты жалғастырады және дамытатын болады.

Серіктес ұйымдармен ынтымақтастықты және денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау бойынша кәсіподақтың табысты қызметін нығайту мақсатында:

халықаралық ұйымдардағы Кәсіподақ өкілдігін кеңейту, Қазақстанның кәсіподақ қозғалысының оң имиджін қалыптастыру және халықаралық деңгейде ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің беделін арттыру бойынша мақсатты ақпараттық-насихаттау қызметін жүргізу;

басқа елдердің кәсіподақтарымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық жобаларын жүзеге асыру және дамыту, салалық Кәсіподақтың ұйымдық құрылымын нығайту, кәсіподақ мүшелерінің дайындығы мен хабардар болуын жақсарту мүддесінде оң халықаралық тәжірибені пайдалану;

кәсіподақ кадрлары мен активтің біліктілігін арттыру, бірлескен семинарлар, конференциялар өткізу, оң халықаралық тәжірибені зерделеу және тарату үшін халықаралық байланыстарды, оның ішінде халықаралық қорлармен өзара іс-қимылды белсенді пайдалану;

осы мақсаттар үшін қазіргі заманғы байланыс құралдары мен интернет-ресурстарды пайдалана отырып, «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет қызметкерлері салалық кәсіподағының жұмысы туралы шетелдік кәсіподақ жұртшылығын кеңінен хабардар етуді қамтамасыз ету.

Қорытынды

Осы Бағдарлама Кәсіподақтың, оның басшылық органдарының, облыстық (аумақтық) филиалдарының, бастауыш ұйымдарының қызметінің негізі болып табылады және қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, келісімдер, ұжымдық шарттар және жұмыс жоспарлары арқылы іске асырылады.